

"Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылы 3 желтоқсанда 990 нөмірмен тіркелген)

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2092. Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 *бұйрығымен*.

Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізуді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
"6) Жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік техникалық байқаудың алдында көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауды жүзеге асыруға тартылатын заңды тұлғалар мен жеке кесіпкерлердің өндірістік-техникалық мүмкіндіктерін қарау жөнінде ұсыныс енгізілсін.";
- 2) 4-тармақтағы "Комитет" деген сөз "Департамент" деген сөзben ауыстырылсын;

2) көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібінде (бұдан әрі - Тәртіп):

6 - т а р м а қ т а :

- 3) тармақшадағы "сәуірден" деген сөз "қаңтардан" деген сөзben ауыстырылсын, "қыркүйекке" деген сөз "қазанға" деген сөзben ауыстырылсын;
- 4) тармақшадағы "сәуірден" деген сөз "қаңтардан" деген сөзben ауыстырылсын, "қыркүйекке" деген сөз "қазанға" деген сөзben ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Техникалық байқау көлік құралдарын техникалық байқауды ведомстволық бағыныстағы көліктің техникалық жағдайын тексеру үшін қажетті диагностикалық жабдықтары бар занды тұлғалар жүргізетін жағдайды қоспағанда, ішкі істер органдарының жол полициясы аудандық (қалалық) бөлімшелерінің жаңынан ұйымдастырылатын Жол полициясының техникалық бақылау пункттерінде жүргізіледі.

Әр аудан, қала үшін техникалық бақылау пункттерінің қажетті санын көлік құралдарының саны туралы деректерді ескере отырып Жол полициясы айқындауды .

Техникалық бақылау пункттеріндегі техникалық бақылау жүргізуге уәкілетті жол полициясы қызметкерлерінің саны қолданылып жүрген ішкі істер органдарының қызметкерлері жұмыс ауқымының нормативтеріне сәйкес айқындалады.";

8-тармақ алдынып тасталсын;

2-тараудың тақырыбындағы "Ұйымдар мен мекемелердің" деген сөздер "Занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Техника құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқаудың алдында диагностикалауды өндірістік-техникалық мүмкіндіктері мынадай талаптарды :

1) техника құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқаудың алдында диагностикалау жүргізілетін стационарлық үй-жайдың, көлік құралдарының диагностикалау желілері (постылары) арқылы өтуінің жоспар-сызбасы қойылған өндірістік-техникалық алаңының болуын;

2) келген автомобильдерді қоюға арналған орындардың, көрсетілген үй-жайға кіру және шығу жолдарының болуын;

3) диагностикалық жабдықтар мен бақылау-өлшеу аспаптарының болуын, олардың жарамдылығы мына тізбеке:

тежеу жүйесінің техникалық жағдайын тексеруге арналған стендіге;

рулдік басқарудағы жиынтық люфтін тексеруге арналған аспапқа;

фарлардың жарықтық шоғын белгілеу бұрыштарын тексеруге арналған аспапқа ;

автомобильдердің жағылған газдарының улылығын айқындауға арналған аспапқа ;

автомобильдердің жағылған газдарының тұтінділігін айқындауға арналған аспапқа ;

әйнектердің жарық өткізгіштігін тексеруге арналған аспапқа; көтергіштерге немесе қарау шұңқырларына сәйкес оларға метрологиялық

аттестациялау жүргізудің және соңғы тексерудің уақыты мен мерзімділігін;

4) білікті мамандардың болуын;

5) нормативтік және техникалық құжаттамалардың болуын;

6) санитарлық-техникалық жабдықтардың болуы мен жарамдылығын қанағаттандыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер жүзеге асырады.";

10-25-тармақтар алынып тасталсын;

26-тармақтағы "сөүірge" деген сөз "желтоқсанғa" деген сөзben ауыстырылсын

;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Ведомстволық бағыныстағы көлік құралдарының техникалық жағдайын тексеру үшін қажетті жағдайлары жоқ заңды тұлғалардың көлік құралдарын, сондай-ақ жеке тұлғалардың көлік құралдарын диагностикалау көлік құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқаудың алдында диагностикалауға тартылған заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің диагностикалау желілерінде (постыларында) жүзеге асырылады.";

35 - т а р м а қ т а :

4) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көлік құралын тіркеу туралы куәліктің деректері, көлік құралының және оның құрамдас элементтерінің параметрлері көрсетілген (осы Тәртіптің 41-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда) және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер диагностикалық пунктінің көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалауды жүргізген маманының қолымен және мөрімен расталған диагностикалық картаны (4-қосымша).";

36 - т а р м а қ т а :

5) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) көлік құралын тіркеу туралы куәліктің деректері, көлік құралының және оның құрамдас элементтерінің параметрлері көрсетілген (осы Тәртіптің 41-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда) және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер диагностикалық пунктінің көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалауды жүргізген маманының қолымен және мөрімен расталған диагностикалық картаны (4-қосымша).";

37-тармақтағы "Жол полициясының рұқсаты бар ұйымдар мен мекемелердің" деген сөздер алынып тасталсын, "беріледі" деген сөз "көрсетіледі" деген сөзben ауыстырылсын;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Аудандар (қалалар) ішкі істер органдарының жол полициясы көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауды жүзеге асыратын әрбір

занды тұлғаға жеке кәсіпкерге өндірістік-техникалық базаны тексеру актісі, комиссияның қорытындысы, анықталған кемшіліктерді жою туралы ұйғарымдар мен оларға жауаптар, сондай-ақ аталған занды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қызметіне қатысты басқа да құжаттамалар сақталатын іс қағаздарын жүргізеді.";

50 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;
2), 3) тармақшалардағы "ұйымдар мен мекемелердің" деген сөздер "занды тұлғалардың және/немесе жеке кәсіпкерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

51-тармақтағы "ұйымдардың, мекемелердің өндірістік техникалық мүмкіндіктері конкурс өткізу кезінде конкурстық ұсыныстарда ұсынылған мәліметтерге сәйкес келмеген" деген сөздер алынып тасталсын, "техникалық байқаудың алдында көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауға рұқсат ету туралы куәлікті тоқтата тұрады не кері қайтарып алады" деген сөздер "көлік құралдарын техникалық байқауды жүргізу кезінде занды тұлғаның және/немесе жеке кәсіпкердің диагностикалық карталарын қабылдауды тоқтата тұрады, ол туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көлік құралдарының иелеріне хабарлайды." деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-3-қосымшалар алынып тасталсын.
2. Астана, Алматы қалаларының ПББ-ның, облыстардың ПББ-ның - ПБ-ның б а с т ы қ т а р ы :

1) жол полициясы қызметкерлерінің осы бұйрықтың талаптарын зерделеуін қамтамасыз етсін және жұмысты Тәртіпке енгізілген өзгерістерге сәйкес ұйымдастырын;

2) мемлекеттік техникалық байқауды жүргізу кезінде көлік құралдарының иелерін жекелеген талаптардың өзгергендігі туралы хабардар ету жөнінде іс - ш а р а л а р жүргізсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі - полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне (Б.Н.Өмірзақов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

генерал-полковник

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар

Министрлік міндеттін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК